құрал ретінде бағаланды. Бұл модельдер студенттерге мәтін дайындау, мазмұнды өңдеу және оқу тапсырмаларын түсіндіру барысында жедел көмек көрсетуге мүмкіндік берді (Imran and Almusharraf, 2023; Koubaa et al., 2023). Сонымен бірге зерттеулер мұндай құралдарды қолдану академиялық адалдық, мазмұн дәлдігі және сыни ойлаудың әлсіреуі сияқты тәуекелдерді де қатар туындататынын көрсетеді (Aktay et al., 2023). Білім беру міндеттерінің күрделенуі мәтінмен ғана шектелмейтін, сурет, аудио, бейне және аралас мазмұнды қатар өңдей алатын мультимодальды модельдерге сұранысты арттырды. Осы тұрғыдан Google Gemini мәтіндік және визуалды деректерді біріктіріп өңдеуге бағытталған жаңа буын мультимодальды модель ретінде қарастырылады (Gemini Team, Google, 2025; Lee, Shi, et al., 2023). Gemini архитектурасының ерекшелігі – әртүрлі модальділіктер арасында өзара байланысты пайымдауды қолдауы, бұл оны білім беру саласындағы күрделі сценарийлерге, мысалы, түсіндірме беру, код генерациясы, диаграммалармен жұмыс істеу және интерактивті қолдау міндеттеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.

Бірқатар зерттеулер Gemini-дің академиялық жазу мен оқу қолдауындағы әлеуетін атап өтеді. Azmi және Fithriani (2025) студенттердің Gemini-ді мәтін құрылымын жетілдіру, байланыстылықты арттыру және жазу сапасын жақсарту құралы ретінде оң бағалағанын көрсетеді. Сонымен бірге Imran және Almusharraf (2024b) Gemini-ді білім берудегі келесі буын AI құралы ретінде сипаттап, оның мультимодальды өзара әрекеттесуге және интерактивті оқытуға қолайлы екеніне назар аударады. Бұл еңбектер Gemini-дің білім алушыларға көмекші құрал ретінде тиімділігін көрсеткенімен, оны нақты бағдарламалық ортаға енгізудің техникалық аспектілерін толық ашпайды.

Gemini-дің маңызды артықшылықтарының бірі – түрлі өлшемдегі модельдер желісі арқылы әртүрлі қолдану сценарийлерін қолдауы. Бұлттық модельдер күрделі аналитикалық және көлемді генерация міндеттеріне бейімделсе, ықшам нұсқалар локальды немесе шеткі құрылғыларда жылдам жауап беруге қолайлы. Осындай икемділік білім беру қосымшалары үшін маңызды, себебі оларда бір жағынан жедел интерфейстік әрекет, екінші жағынан мазмұнды кеңейтілген түрде генерациялау қажеттілігі қатар кездеседі (Gemini Team, Google, 2025). Сондықтан гибриді архитектура, яғни бұлттық және локальды модельдерді қатар пайдалану, білім беру технологияларында перспективалы бағыт ретінде қарастырылуы мүмкін.

Сонымен қатар әдебиеттер Gemini және өзге мультимодальды модельдердің шектеулерін де көрсетеді. Әсіресе визуалды дәлдікке тәуелді жоғары жауапкершілікті міндеттерде, мысалы автоматтандырылған бағалау немесе күрделі визуалды интерпретацияда, нәтижелер әрдайым тұрақты бола бермейді (Fu et al., 2023; Lee, Latif, et al., 2023). Бұл тұжырымдар мультимодальды модельдерді білім беру ортасында пайдаланғанда толық автономиядан гөрі, адам қатысуымен тексерілетін көмекші құрал ретінде қарастырудың орынды екенін көрсетеді.

Кросс-платформалық әзірлеу тұрғысынан алғанда, .NET MAUI білім беру қосымшаларын бірнеше операциялық жүйеге ортақ кодтық база негізінде жасауға мүмкіндік беретін маңызды технологиялық орта болып табылады. Мұндай тәсіл әзірлеу үдерісін жеңілдетіп қана қоймай, цифрлық білім беру шешімдерінің қолжетімділігін, сүйемелденуін және институционалдық ауқымда енгізілуін жақсартады (Blanco and Lucrédio, 2021; Jangassiyev et al., 2025). Алайда қазіргі әдебиеттерде .NET MAUI мен Gemini AI-ді біріктіруге арналған инженерлік зерттеулер саны шектеулі. Әсіресе білім беру контекстінде гибриді архитектура құру, нақты прототип әзірлеу және оның техникалық өнімділігін эмпирикалық жүктемелік тестілеу арқылы бағалау жеткілікті деңгейде қарастырылмаған.

Осылайша, әдебиеттерді талдау мынадай ғылыми олқылықты көрсетеді: білім берудегі Gemini AI-дің жалпы әлеуеті мойындалғанымен, оны .NET MAUI негізіндегі кросс-платформалық қосымшаға кіріктіру, гибриді архитектура тұрғысынан ұйымдастыру және оның техникалық өнімділігін нақты метрикалар арқылы эмпирикалық тексеру бағытындағы зерттеулер жеткіліксіз. Осы олқылық аталған жұмыстың өзектілігін анықтайды және зерттеудің эмпирикалық бағытын негіздейді.

Зерттеу әдістемесі. Бұл зерттеуде жобалау, прототиптеу және эмпирикалық жүктемелік тестілеу тәсілдері қолданылды. Зерттеу екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде .NET MAUI негізінде білім беруге арналған кросс-платформалық «зияткерлік кеңесші» қосымшасының архитектурасы әзірленіп, жұмыс істейтін прототипі жасалды. Екінші кезеңде Gemini 2.5 Flash және Gemma 3 (1B) модельдерінің техникалық өнімділігі Windows (WinUI) және Android платформаларында эмпирикалық тұрғыда бағаланды.

Тестілеу үшін әртүрлі күрделіліктегі төрт промпт қолданылды: қысқа түсіндірме сұрағы, техникалық код генерациясы, білім беру логикасына бағытталған сұрақ және күрделі интеграциялық жоспар құру тапсырмасы. Бағалау барысында алғашқы токенге дейінгі уақыт (TTFT), толық кідіріс уақыты, генерация жылдамдығы (TPS), жедел жадты пайдалану және желілік трафик көлемі өлшенді.

Зерттеу толық ауқымды педагогикалық эксперимент ретінде емес, білім беру қосымшасы контекстіндегі техникалық орындылық пен өнімділікті бағалауға бағытталған эмпирикалық зерттеу ретінде қарастырылады. Алынған нәтижелер әртүрлі модельдердің нақты қолдану сценарийлеріне сәйкестігін анықтау үшін салыстырмалы түрде талданды.

Эмпирикалық бағалау аясында Windows платформасында 4 тестілік сценарий, ал Android платформасында 8 тестілік сценарий орындалды. Кестелерде әр сценарий бойынша тіркелген нақты өлшеу нәтижелері берілді. Бұл тестілеу пилоттық техникалық бағалау сипатында жүргізілді және модельдердің салыстырмалы өнімділік профилін анықтауға бағытталды. Тестілеу .NET MAUI негізінде әзірленген бірдей қолданбалы ортада жүргізіліп, модельдер бірдей промпттық сценарийлер арқылы салыстырылды.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу нәтижелері екі бағытта ұсынылады: біріншісі – жүйенің архитектуралық жүзеге асырылуы, екіншісі – эмпирикалық жүктемелік тестілеу нәтижелері.


1. Жүйенің архитектурасы және жүзеге асырылуы. .NET MAUI платформасы Windows, Android, iOS және macOS жүйелеріне арналған кросс-платформалық қосымшаларды бірыңғай C# кодтық базасы негізінде әзірлеуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл білім беру ұйымдары үшін цифрлық шешімдерді енгізу мен сүйемелдеуді жеңілдетеді, сондай-ақ әртүрлі операциялық жүйелерде бірдей логиканы сақтауға жағдай жасайды (Jangassiyev et al., 2025). Сонымен қатар мобильді және шеткі ортада есептеу қуатының шектеулілігі, жад көлемінің аздығы және желі тұрақтылығы ірі мультимодальды модельдерді тікелей пайдалануды қиындатады. Осыған байланысты зерттеуде бұлттық және локальды өндеуді біріктіретін гибриді архитектуралар қолданылды. Ұсынылған архитектураларда күрделі және көлемді мазмұнды генерациялауды қажет ететін сұраныстар бұлттық модельдерге бағытталады, ал жедел жауап пен локальды өндеуді талап ететін сценарийлер үшін ықшам модельдерге басымдық беріледі. Мұндай тәсіл жауап беру жылдамдығы, ресурстарды пайдалану және деректер құпиялылығы арасындағы теңгерімді сақтауға мүмкіндік береді. Гибриді стратегияның жалпы логикасы 1-кестеде көрсетілген. Практикалық жүзеге асыру аясында Windows және Android платформаларына арналған «зияткерлік кеңесші» қосымшасының жұмыс істейтін прототипі әзірленді. Қосымшада Gemini API-ге негізделген сұраныс өндеу модулі, көптілді интерфейс, Firebase Authentication арқылы аутентификация, қонақ режимі және Text-to-Speech функциялары енгізілді. Бұл шешімнің интерфейстік көріністері 1–4-суреттерде берілген. Қосымшаның негізгі мақсаты – білім беру және консультациялық сұраныстарды өндеп, пайдаланушыға құрылымдалған жауап ұсыну. Көптілді қолдау қазақ және орыс тілдеріндегі өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді. Қонақ режимі пайдаланушыларға жеке деректерді міндетті түрде енгізбей-ақ қосымшаның негізгі функцияларын пайдалану мүмкіндігін береді. Ал қаріп өлшемін өзгерту мен мәтінді дыбыстау функциялары жүйенің инклюзивтілік деңгейін арттырады.

Кесте 1 — .NET MAUI негізіндегі білім беру қосымшасы үшін модельдерді орналастыру логикасы

Модель нұсқасы	Негізгі мақсатты қолданыс	Негізгі мүмкіндік	Орналастыру стратегиясы	Қолдану негіздемесі
Gemini 2.5 Flash	Күрделі аналитикалық және көлемді генерация міндеттері	Жоғары өнімділік, кең мазмұн генерациясы	Бұлттық API	Ұзын мәтін, код және күрделі жоспар құру міндеттері үшін тиімді
Gemma 3 (1B)	Жылдам бастапқы жауап және ықшам өндеу	Төмен кідіріс, жеңілдетілген инференс	Локальды/ шеткі өндеу	Жедел интерфейстік әрекет пен локальды сценарийлерге қолайлы

Ескертпе – кесте авторлар ұсынған гибриді архитектура логикасы негізінде құрастырылды.


Ұсынылған архитектураның техникалық тұрғыдан жүзеге асырылу мүмкіндігін растау және үлкен тілдік модельдерді (LLM) кросс-платформалық ортаға интеграциялау мүмкіндіктерін көрсету мақсатында, зерттеу аясында үлгілік кеңесші-қосымша әзірленді. Бұл әзірлеме Android, iOS, macOS және Windows операциялық жүйелері үшін бірыңғай код базасын құруды көрсете отырып, Google бұлттық сервистерімен байланыста .NET Multi-platform App UI (.NET MAUI) құралдарын сынақтан өткізуге арналған практикалық полигон қызметін атқарды.



Сурет 1 – Gemini негізіндегі зияткерлік көмекшінің интерфейсі: қазақ тіліндегі сұрауды өңдеу және құрылымдалған жауап беру мысалы

Ескертпе – сурет авторлар әзірлеген қосымшаның интерфейсінен алынған.


Қосымшаның орталық инновациялық элементі REST API шақырулары арқылы жүзеге асырылған Google Gemini моделі негізіндегі чат-ботты интеграциялау болды. Бұл модуль техникалық сұрауларды өңдеуге және контекстке негізделген, автоматтандырылған жауаптарды ұсынуға қабілетті зияткерлік көмекші қызметін атқарады. Білім беру және консультациялық міндеттер контекстінде жүйенің көптілді ортада жұмыс істеу қабілеті аса маңызды болып табылады. Әзірленген шешім тілдер арасында (орыс және қазақ) динамикалық ауысуды қолдайды, бұл Gemini моделіне сұрауларды дұрыс түсіндіруге және пайдаланушы таңдаған тілде толыққанды жауаптарды жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, қазақ тілінде веб-парақшаны әзірлеу мерзімдері туралы сұрау кезінде жүйе күрделі ақпаратты оңай қабылданатын сегменттерге бөле отырып, құрылымдалған әрі маркерленген жауап ұсынады (1-сурет), бұл когнитивті скаффолдинг (cognitive scaffolding) принциптеріне сәйкес келеді.



Сурет 2 – Аутентификация экраны: Firebase арқылы кіру және «Қонақ режимін» (Guest Mode) таңдау мүмкіндігі

Ескертпе – сурет авторлар әзірлеген аутентификация модулінің интерфейсінен алынған.


Деректерді сақтау сенімділігін және сессияларды басқаруды қамтамасыз ету үшін Google Firebase қолданылған гибридіті архитектура енгізілді. Пайдаланушылардың аутентификациясы Firebase Authentication арқылы жүзеге асырылып, тіркелген қызметкерлер үшін толық қолжетімділікті, сондай-ақ клиенттер үшін «Қонақ режимін» (Guest Mode) қолдайды (2-сурет). Қонақ режимін енгізудің білім беру технологиялары (EdTech) үшін маңызы зор, себебі ол кіру кедергісін төмендетеді және пайдаланушыларға жеке деректерді (PII) беру қажеттілігінсіз негізгі кеңес беру функцияларына қол жеткізуге мүмкіндік береді, бұл құпиялылық саясатының талаптарына сәйкес келеді. Өтінімдер бойынша деректерді жинау валидацияланатын формалар арқылы жүзеге асырылады, олар REST API арқылы құрылымдалған ақпаратты (аты-жөні, байланыс деректері, қызмет түрі) кейінгі өңдеу үшін Firebase NoSQL дерекқорына қауіпсіз түрде жібереді.



Сурет 3 – Қосымшаның баптаулар және қызмет көрсету интерфейсі: инклюзивтілік функциялары (TTS, қаріп өлшемі) және тілді ауыстыру

Ескертпе – сурет авторлар әзірлеген баптаулар интерфейсінен алынған.

Интерфейсті (UI) әзірлеу қолжетімділік принциптерін ескере отырып жүргізілді, бұл қазіргі заманғы білім беру платформалары үшін маңызды талап болып табылады. Қосымша оқылымды жақсарту үшін қаріп өлшемін баптау функцияларын және мәтінді сөзге айналдыру (TTS) сервистерін интеграциялауды қамтиды (3-сурет). TTS модулі сәлемдесу хабарламалары мен ақпараттық блоктарды дыбыстауға қабілетті, бұл ақпаратты қабылдаудың баламалы аудиалды арнасын ұсынады және көру қабілеті бұзылған немесе аудиалды оқуды қалайтын пайдаланушылар үшін қосымшаның қолжетімділігін айтарлықтай арттырады.



Сурет 4 – Gemini 2.5 Flash және Gemma 3 модельдерін тестілеу стенді.

Ескертпе – сурет авторлар әзірлеген эмпирикалық тестілеу стендінің интерфейсін көрсетеді.

Эксперимент жүргізу мақсатында .NET MAUI негізінде арнайы қосымша әзірленді. 4-суретте көрсетілгендей, Gemini 2.5 Flash және Gemma 3 модельдерін тестілеу стенді құрылды. Бұл интерфейс пайдаланушыға қажетті модельді (соның ішінде Gemma 3-тің әртүрлі параметрлі нұсқаларын: 1B, 2B, 12B т.б.) таңдауға және метрикаларды өлшеуге мүмкіндік береді.


2. Эмпирикалық жүктемелік тестілеу нәтижелері. Тестілеудің мақсаты гибриді архитектура жағдайында әртүрлі модельдердің техникалық мінез-құлқын салыстыру болды. Ұсынылған архитектураны тексеру үшін Windows және Android платформаларына арналған «зияткерлік кеңесші» прототипі әзірленді. Прототипте Gemini API-ге негізделген сұраныс өңдеу модулі, көптілі интерфейс, Firebase арқылы аутентификация және TTS функциялары енгізілді. Бағалау Windows (WinUI) және Android платформаларында жүргізілді. Өлшенген негізгі метрикалар: алғашқы токенге дейінгі уақыт (TTFT), толық кідіріс уақыты, генерация жылдамдығы (TPS), жедел жадты пайдалану және желілік трафик көлемі.

Тестілеуге қолданылған промпттар 2-кестеде берілген. Олар қысқа түсіндірме сұрағынан бастап техникалық код генерациясы мен күрделі интеграциялық жоспарға дейінгі әртүрлі сценарийлерді қамтиды.

Кесте 2 – Gemini API мүмкіндіктерін бағалауға арналған промпттар тізімі

ID	Түрі	Промпт
P1	Short (Latency)	"Explain what Gemini Flash is in one simple sentence."
P2	Technical (Code)	"Write a basic C# interface for an EdTech service in .NET MAUI that handles student progress tracking."
P3	EdTech (Logic)	"List 5 ways AI can improve remote learning for high school students in rural areas."
P4	Complex (Full)	"Create a detailed technical plan for integrating Gemini API into a .NET MAUI mobile app. Include steps for secure API key storage, managing network latency, and implementing a UI loading state for streaming responses."

Ескертпе – тестілеу промпттары авторлар тарапынан эмпирикалық бағалау мақсатында құрастырылды.



Сурет 5 – Gemini және Gemma 3 модельдерін Windows платформасында салыстырмалы тестілеу.

Ескертпе – сурет Windows платформасындағы тестілеу процесінің авторлар тіркеген көрінісін береді.

Бірінші кезеңде тестілеу Windows (WinUI) экожүйесінде жүзеге асырылды. 5-суретте Gemini және Gemma 3 модельдерін Windows платформасында салыстырмалы тестілеу процесінің барысы мен интерфейсі бейнеленген.

Windows платформасындағы нәтижелер 3-кестеде келтірілген. Алынған деректер Gemini 2.5 Flash моделінің көлемді мазмұн генерациясында жоғары өнімділік көрсететінін айқындады. Атап айтқанда, P2 сұранымы бойынша TPS көрсеткіші 228,63-ке жетті. Сонымен бірге TTFT мәні 4560–9235 мс


аралығында өзгерді, яғни бұл модель бастапқы жауап беру уақыты бойынша баяулау болғанымен, ұзын және күрделі мазмұнды жылдам құрастыра алады.

Кесте 3 – Windows платформасындағы Gemini 2.5 Flash моделінің өнімділік көрсеткіштері

Platform	ModelName	Prompt Length Chars	TTFT_ ms	TotalLatency_ ms	Tokens Count	TPS	Ram Used Mb	Network Bytes Delta
WinUI	Gemini 2.5 Flash	54	4560	4719	27	169,81	1,234	27006
WinUI	Gemini 2.5 Flash	103	8387	24999	3798	228,63	0	154080
WinUI	Gemini 2.5 Flash	85	6795	9614	482	170,98	0,254	63959
WinUI	Gemini 2.5 Flash	219	9235	38728	6412	217,41	0	242351

Ескертпе – деректер авторлар жүргізген Windows (WinUI) платформасындағы эмпирикалық жүктемелік тестілеу нәтижелері негізінде алынған.

3-кесте нәтижелері Windows платформасында Gemini 2.5 Flash моделінің ұзын жауаптарды құрастыруда жоғары өткізу қабілетін көрсеткенімен, бастапқы жауап беру уақытының салыстырмалы түрде жоғары екенін аңғартады.



Сурет 6 – Gemini және Gemma 3 модельдерін Android платформасында салыстырмалы тестілеу.

Ескертпе – сурет Android платформасындағы тестілеу процесінің авторлар тіркеген көрінісін береді.

Екінші кезеңде дәл осы метрикалар мобильді ортада өлшенді. 6-суретте Gemini және Gemma 3 модельдерін Android платформасында салыстырмалы тестілеу көрінісі берілген.

Android платформасындағы нәтижелер 4-кестеде берілген. Бұл ортада Gemini 2.5 Flash пен Gemma 3 (1B) модельдері арасында айқын айырмашылық байқалды. Gemma 3 (1B) TTFT көрсеткіші бойынша басымдық танытып, 566–1062 мс аралығында нәтиже көрсетті. Ал Gemini 2.5 Flash үшін осы көрсеткіш 6478–8985 мс аралығында тіркелді. Демек, Gemma 3 (1B) жедел бастапқы жауап қажет болатын интерфейстік сценарийлер үшін қолайлы.

Сонымен қатар TPS көрсеткіші бойынша керісінше жағдай байқалды: Gemini 2.5 Flash 125–231 аралығында нәтиже көрсетсе, Gemma 3 (1B) үшін бұл мән 31–42 аралығында қалды. Бұл бұлттық модельдің көлемді және күрделі мазмұн генерациясы үшін тиімді екенін көрсетеді.

Кесте 4 – Android платформасындағы Gemini 2.5 Flash, Gemma 3(1B) модельдерінің өнімділік көрсеткіштері

Platform	ModelName	Prompt Length Chars	TTFT_ ms	TotalLatency_ ms	Tokens Count	TPS	Ram Used Mb	Network Bytes Delta
Android	Gemini 2.5 Flash	54	6478	6662	23	125.00	32.078	20156
Android	Gemini 2.5 Flash	104	8985	26178	3975	231.20	1.750	96263
Android	Gemini 2.5 Flash	85	8253	11442	572	179.37	1.000	18879
Android	Gemini 2.5 Flash	221	8566	35760	5596	205.78	1.176	136260
Android	Gemma 3 (1B)	54	566	1594	44	42.80	0.344	32095
Android	Gemma 3 (1B)	104	935	51384	1595	31.62	0.887	962017
Android	Gemma 3 (1B)	85	899	18378	634	36.27	1.375	387057
Android	Gemma 3 (1B)	221	1062	42621	1566	37.68	0.609	950274

Ескертпе – деректер авторлар жүргізген Android платформасындағы эмпирикалық жүктемелік тестілеу нәтижелері негізінде алынған.

4-кесте нәтижелері Android платформасында Gemma 3 (1B) моделінің бастапқы жауап беру жылдамдығы бойынша басымдығын, ал Gemini 2.5 Flash моделінің жалпы генерация өнімділігі бойынша артықшылығын айқындайды. Gemma 3 (1B) үшін тіркелген желілік трафик көлемі салыстырмалы түрде жоғары болды. Бұл көрсеткіш толық бұлттық инференспен емес, тестілеу ортасының сервистік алмасуларымен, модельді инициализациялауымен немесе аралық қызметтік қабаттардың жұмысымен байланысты болуы мүмкін. Сондықтан NetworkBytesDelta көрсеткіші модельдің ішкі ерекшелігін ғана емес, қолданылған архитектуралық ортаның да әсерін қамтиды.

Екінші жағынан, егер жүйе көлемді мәтіндерді, кодтарды немесе күрделі аналитикалық жоспарларды (мысалы, 2-кестедегі P4 промпты) генерациялауды қажет етсе, Gemini 2.5 Flash моделінің жоғары өткізу қабілеті (TPS > 200) бастапқы кешігуді (TTFT) толықтай ақтайды.

Жүргізілген эксперимент нәтижелері .NET MAUI платформасында жасанды интеллект қызметтерін интеграциялаудың тиімділігін дәлелдейді. Модельді таңдау жобаның нақты талаптарына негізделуі тиіс: максималды жауап беру жылдамдығы қажет болса – Gemma 3 (1B), ал үлкен көлемдегі деректерді жылдам өңдеу қажет болса – Gemini 2.5 Flash моделін пайдалану оңтайлы шешім болып табылады. Келесі зерттеу жұмыстарында Gemma 3 моделінің желілік трафикті тұтыну ерекшеліктерін оңтайландыру мәселесін қарастыру ұсынылады.

Осылайша, құрылған қосымша жай ғана бағдарламалық артефакт емес, сонымен қатар озық ЖИ-сервистерін өрістетуге арналған қабықша ретінде .NET MAUI-ді пайдалану тиімділігінің эмпирикалық дәлелі болып табылады. Ол ұсынылған технологиялық стек күрделі коммуникативтік және когнитивтік тапсырмаларды шешу үшін Gemini мүмкіндіктерін біріктіретін, өнімді, қауіпсіз және интуитивті түсінікті кросс-платформалық шешімдерді құруды қамтамасыз ете алатынын растайды.

Нәтижелерді интерпретациялау. Алынған нәтижелер модельдердің қолдану сценарийлері әртүрлі екенін көрсетті. Gemma 3 (1B) төмен TTFT мәні арқылы жедел жауап беруді талап ететін чат-кеңесші, қысқа сұраныстар және локальды өңдеу жағдайларында артықшылық көрсетті. Ал Gemini 2.5 Flash жоғары TPS мәні арқылы ұзын түсіндірме мәтіндер, код генерациясы және күрделі аналитикалық мазмұн құрастыруда тиімді болды.

Білім беру қосымшалары үшін бұл айырмашылық практикалық мәнге ие. Жылдам бастапқы жауап студентпен интерактивті диалог орнатуда маңызды болса, жоғары өткізу қабілеті оқыту материалдарын кеңейтілген түрде құруда маңызды. Осыған сәйкес гибриді архитектура нақты міндетке қарай модельді бағыттауға мүмкіндік береді: жедел жауап пен локальды құпиялылық қажет болғанда жеңілдетілген модельді, ал көлемді мазмұн мен күрделі өңдеу қажет болғанда бұлттық модельді қолдану орынды. Осы интерпретацияны қорытындылау үшін 5-кесте ұсынылады.

Кесте 5 – Gemini 2.5 Flash пен Gemma 3 (1B) модельдерінің салыстырмалы техникалық профилі

Критерий	Gemini 2.5 Flash	Gemma 3 (1B)	Практикалық қорытынды
TTFT	Жоғарырақ	Төмен	Жедел бастапқы жауап үшін Gemma 3 (1B) тиімді
TPS	Жоғары	Орташа	Ұзын және күрделі мазмұн генерациясы үшін Gemini 2.5 Flash тиімді

Жедел жадты пайдалану	Тұрақты	Тұрақты	Екі модель де сынақ ортасында жұмысқа қабілетті
Желілік тәуелділік	Бұлттық инфрақұрылымға тәуелді	Тестілеу ортасының конфигурациясына тәуелді	Қолдану ортасына қарай қосымша оңтайландыру қажет
Ұсынылатын қолдану сценарийі	Күрделі аналитика, код, көлемді мазмұн	Жылдам чат-жауап, локальды өңдеу	Гибридті бағыттау ең орынды шешім

Ескертпе – кесте 3 және 4-кестелердегі эмпирикалық нәтижелерді жинақтау негізінде авторлар тарапынан құрастырылды.

Талқылау. Қолданыстағы әдебиеттерде көрсетілгендей, мультимодальды модельдер жалпы пайымдау мен мәтіндік қолдауда жоғары әлеует танытқанымен, визуалды дәлдікке тәуелді жоғары жауапкершілікті міндеттерде тұрақты сенімділік әрдайым қамтамасыз етілмейді (Fu et al., 2023; Lee, Latif, et al., 2023). Ұсынылған гибридті архитектураның эмпирикалық нәтижелері .NET MAUI негізіндегі білім беру қосымшаларында мультимодальды модельдерді бірыңғай тәсілмен емес, міндет сипатына қарай бейімдеп қолданудың тиімді екенін көрсетті. Зерттеу барысында Gemini 2.5 Flash пен Gemma 3 (1B) модельдерінің техникалық артықшылықтары әртүрлі екені анықталды: Gemma 3 (1B) төмен TTFT мәні арқылы жедел интерфейстік әрекетке қолайлы болса, Gemini 2.5 Flash жоғары TPS көрсеткіші арқылы көлемді және күрделі мазмұн генерациясында басымдық танытты. Бұл айырмашылық білім беру қосымшаларында модель таңдауының тек жалпы қабілетке емес, нақты қолдану сценарийіне негізделуі тиіс екенін дәлелдейді.

Осы тұрғыдан алғанда, .NET MAUI ортасында іске асырылған гибридті архитектура техникалық жағынан орынды шешім болып табылады. Кросс-платформалық орта қосымшаны бірнеше операциялық жүйеде бір кодтық база негізінде пайдалануға мүмкіндік берсе, гибридті бағыттау стратегиясы жылдамдық, өнімділік және құпиялылық арасындағы практикалық теңгерімді сақтауға жағдай жасайды. Әсіресе локальды немесе шеткі өңдеуді қажет ететін міндеттер үшін жеңілдетілген модельдерді қолдану пайдаланушы деректерін қорғау тұрғысынан да маңызды артықшылық береді.

Сонымен бірге зерттеу нәтижелері мультимодальды модельдерді білім беруде қолданудың шектеулерін де растайды. Сондықтан білім беру ортасында мұндай жүйелерді толық автономды бағалаушы ретінде емес, оқыту мен кеңес беруді қолдайтын интеллектуалды көмекші ретінде қарастыру орынды.

Бұл қорытынды академиялық адалдық пен жауапты қолдану мәселелерін де алдыңғы орынға шығарады. Мультимодальды модельдер мәтін құруды, мазмұнды құрылымдауды және идея генерациясын жеңілдеткенімен, олардың бақылаусыз қолданылуы плагиат, мазмұнның бірізденуі және студенттің сыни ойлау белсенділігінің төмендеуі сияқты тәуекелдерге әкелуі мүмкін (Aktay et al., 2023; Perera and Lankathilaka, 2023). Осыған байланысты білім беру мекемелерінде human-in-the-loop қағидатын сақтау, яғни AI нәтижелерін адам тарапынан міндетті түрде тексеру, негізгі талаптардың бірі болуы тиіс.

Тағы бір маңызды мәселе – институционалдық саясаттың жеткіліктілігі. Қазіргі көптеген академиялық ережелер мәтіндік генерациямен байланысты тәуекелдерге көбірек бағытталғанымен, мультимодальды модельдердің сурет, диаграмма, код және аралас мазмұнмен жұмыс істеу ерекшеліктерін толық қамтымайды. Сондықтан саясатты тек мәтіндік плагиатпен шектемей, мультимодальды мазмұнды қолдану, авторлықты көрсету, деректер құпиялылығы және алгоритмдік біржақтылық сияқты мәселелерді қамтитындай кеңейту қажет.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері білім беру қосымшаларында Gemini AI-ді интеграциялау мәселесі тек техникалық тиімділікпен шектелмейтінін көрсетті. Оның табысты енгізілуі үшін архитектуралық шешім, қолдану сценарийіне сәйкес модель таңдау, академиялық адалдық саясаты және пайдаланушылардың AI сауаттылығы біртұтас қарастырылуы керек. Осы мәселелерді жүйелеу үшін 6-кестеде білім беру қосымшаларында мультимодальды модельдерді орналастыруға қатысты негізгі этикалық және саяси қиындықтар жинақталған.

Кесте 6 – Білім беру қосымшаларында мультимодальды модельдерді орналастырудың этикалық және саяси негіздемесі

Этикалық/ Саяси қиындық	LMM мүмкіндігі мен тәуекелі	Білім беруге әсері	Міндетті саяси шара
Академиялық адалдық және түпнұсқалық	Мазмұнды генера- циялау және күр- делі парафразалау; мәтінді анықтау- дан жалтару.	Плагиат қаупінің жоғары болуы және сыни, түпнұсқа ойлау дағдыларының төмендеуі.	Бағалауды қайта жобалау (үдеріске/көзбе-көз қатысуға назар аудару); жаппай ЖИ са- уаттылығын үйрету; міндетті авторлықты көрсету нұсқау- лықтары.
Мульти- модальды алгоритмдік біржақтылық (Bias)	Өртүрлі деректер жиынтығында оқыту (Gemini табиғи мультимодальды).	Әсіресе диаграмма- лар, қолжазба немесе аз ресурсты тілдік медиа үшін әділетсіз/ бұрмаланған авто- матты бағалау қаупі.	ЖИ шешім қабылдауында ашықтықты міндеттеу; VQA жүйелерінде қатаң біржақтылық талдауы.
Деректер құпиялылығы және қауіпсіздік	Сезімтал студент деректерін/ суреттерін (PII) өңдеу; Бұлттық API-ге тәуелділік.	Академиялық жазбалар мен мінез- құлық деректерінің ашық болуы.	Деректерді қорғаудың қатаң шаралары; бұлттық тасымалдау тәуекелдерін азайту үшін құрылғыда өңдеуге (Gemini Nano) баса назар аудару.
Шектен тыс тәуелділік және галлюцинация	Жылдам, сенімді, бірақ ықтимал қате немесе ойдан шығарылған жауаптарды құру.	Тәуелсіз мәселелерді шешу дағдыларын жоғалту; академиялық жұмыста жалған ақпарат тарату.	Тексеру мен дереккөзге күмәнмен қарауға ықпал ететін педагогикалық өзгеріс; оқытушылар LMM шектеу- лерін және дереккөзді көрсет- уді үйретуі керек.

Ескертпе – кесте авторлар жүргізген талдау және әдебиеттерде көрсетілген тәуекелдер мен басқару шараларын жүйелеу негізінде құрастырылды.

Білім беру контекстінде LMM-дерді орналастыру қазіргі уақытта ішкі технологиялық шектеулермен шектелген. Зерттеу іргелі модель мәселелерінің сақталуын, әсіресе галлюцинация феноменін және Gemini Pro-ның VQA өнімділігі кезінде байқалған мультимодальды транскрипция қателеріне тән осалдықты мойындайды (Lee, Latif, et al., 2023). Бұл шектеулер автоматтандырылған жоғары жауапкершілікті қосымшалардың сенімділігін төмендетеді.

Болашақ зерттеулер бірнеше бағытта жалғасуы тиіс. Біріншіден, .NET MAUI ортасында қолдану сценарийіне қарай модельдерді динамикалық түрде бағыттайтын интеллектуалды басқару қабатын жетілдіру қажет. Екіншіден, білім беру контекстінде AI құралдарын ұзақ мерзімді қолданудың студенттердің когнитивтік дамуына, дербестігіне және оқу стратегияларына әсерін эмпирикалық зерттеу маңызды. Үшіншіден, мультимодальды модельдердің визуалды дәлдікке тәуелді тапсырмалардағы тұрақтылығын арттыру бағытындағы техникалық зерттеулер жалғасуы тиіс. Төртіншіден, білім беру мекемелері, әзірлеушілер және реттеуші құрылымдар арасында жауапты қолдануға арналған бірыңғай институционалдық ұсынымдар жүйесін қалыптастыру қажет.

Зерттеудің шектеулері ретінде бірнеше жағдайды атап өткен жөн. Біріншіден, эмпирикалық бағалау пилоттық техникалық тестілеу форматында жүргізілді және шектеулі сценарийлер санын қамтыды. Екіншіден, зерттеу білім беру контекстіндегі пайдаланушылық тәжірибені немесе педагогикалық нәтижелілікті емес, негізінен техникалық өнімділікті бағалауға бағытталды. Үшіншіден, алынған желілік трафик көрсеткіштері тек модель қасиеттерін ғана емес, қолданылған инфрақұрылымдық ортаның әсерін де қамтуы мүмкін.

Қорытынды. Бұл зерттеу .NET MAUI кросс-платформалық фреймворкі мен Google Gen AI SDK негізінде білім беруге арналған Gemini AI интеграциясының техникалық орындылығын эмпирикалық түрде растады. Зерттеу аясында Windows және Android платформаларына арналған «зияткерлік кеңесші» қосымшасының жұмыс істейтін прототипі әзірленіп, бұлттық және локальды өңдеуді үйлестіретін гибриді архитектура ұсынылды.

Жүргізілген жүктемелік тестілеу нәтижелері Gemini 2.5 Flash пен Gemma 3 (1B) модельдерінің қолдану сценарийлері әртүрлі екенін көрсетті. Gemma 3 (1B) төмен TTFT көрсеткіші арқылы жедел бастапқы жауапты қажет ететін интерфейстік және локальды өңдеу міндеттерінде тиімді болды. Ал Gemini 2.5 Flash жоғары TPS көрсеткіші арқылы көлемді мәтіндер, код және күрделі аналитикалық мазмұн генерациясында басымдық танытты. Бұл нәтижелер білім беру қосымшаларында бірыңғай модельді емес, міндет сипатына қарай бағытталатын гибриді архитектураны қолдану орынды екенін дәлелдейді.

Сонымен қатар зерттеу техникалық тиімділік пен білім беру тұрғысындағы жауапты қолдану мәселелерінің өзара тығыз байланысты екенін көрсетті. Мультимодальды модельдер оқу қолдауын күшейте алғанымен, жоғары жауапкершілікті бағалау, визуалды интерпретация және автоматтандырылған

шешім қабылдау міндеттерінде олардың шектеулері сақталады. Осыған байланысты мұндай жүйелерді толық автономды бағалау құралы ретінде емес, адам бақылауымен жұмыс істейтін интеллектуалды көмекші ретінде қарастырған дұрыс.

Зерттеу нәтижелері негізінде бірнеше практикалық қорытынды ұсынылады. Біріншіден, білім беру мекемелерінде human-in-the-loop қағидаты міндетті түрде сақталуы тиіс. Екіншіден, студент деректерінің құпиялылығын күшейту үшін локальды өңдеуге басымдық беретін гибриді архитектураны пайдалану орынды. Үшіншіден, мультимодальды AI құралдарын енгізу академиялық адалдық, авторлықты көрсету және жауапты қолдану ережелерімен қатар жүруі керек. Болашақ зерттеулерде модельдерді динамикалық бағыттау тетіктерін жетілдіру, локальды модельдердің желілік және ресурстық сипаттарын оңтайландыру, сондай-ақ білім беру контексіндегі ұзақ мерзімді педагогикалық әсерді эмпирикалық тұрғыда бағалау маңызды бағыт болып қала береді.

References

- Aktay S., Gök S., and Uzunoğlu D. (2023) ChatGPT in education. *Türk Akademik Yayınlar Dergisi (TAY Journal)*, 7(2). — P. 378–406. <https://doi.org/10.29329/tayjournal.2023.543.03> (in Eng.)
- Akter S.N., Yu Z., Muhamed A., Ou T., Bäuerle A., Cabrera Á.A., Dholakia K., Xiong C., and Neubig G. (2023) *An in-depth look at Gemini's language abilities*. arXiv. <https://doi.org/10.48550/arXiv.2312.11444> (in Eng.)
- Ali A.H., Alajanbi M., Yaseen M.G., and Abed S.A. (2023) Chatgpt4, DALL·E, Bard, Claude, BERT: Open possibilities. *Babylonian Journal of Machine Learning*, 2023. — P. 17–18. <https://doi.org/10.58496/BJML/2023/003> (in Eng.)
- Azmi K., and Fithriani R. (2025) Students' perceptions of Gemini AI effectiveness in academic writing. *IDEAS: Journal of Language Teaching and Learning, Linguistics and Literature*, 13(1). — P. 74–93. <https://doi.org/10.24256/ideas.v13i1.6278> (in Eng.)
- Badshah A., Rehman G.U., Farman H., Ghani A., Sultan S., Zubair M., and Nasralla M.M. (2023) Transforming educational institutions: Harnessing the power of Internet of Things, Cloud, and Fog computing. *Future Internet*, 15. — 367 p. <https://doi.org/10.3390/fi15110367> (in Eng.)
- Fu C., Zhang R., Wang Z., Huang Y., Zhang Z., Qiu L., Ye G., Shen Y., Zhang M., Chen P., Zhao S., Lin S., Jiang D., Yin D., Gao P., Li K., Li H., and Sun X. (2023) *A challenger to GPT-4V? Early explorations of Gemini in visual expertise*. arXiv. <https://doi.org/10.48550/arXiv.2312.12436> (in Eng.)
- Gemini Team, Google. (2025) *Gemini: A family of highly capable multimodal models*. arXiv. <https://doi.org/10.48550/arXiv.2312.11805> (in Eng.)
- Imran M., and Almusharraf N. (2023) Analyzing the role of ChatGPT as a writing assistant at higher education level: A systematic review of the literature. *Contemporary Educational Technology*, 15(4), ep464. <https://doi.org/10.30935/cedtech/13605> (in Eng.)
- Imran M., and Almusharraf N. (2024a) Digital learning demand and applicability of Quality 4.0 for future education: A systematic review. *International Journal of Engineering Pedagogy (iJEP)*, 14(4). — P. 38–53. <https://doi.org/10.3991/ijep.v14i4.48847> (in Eng.)
- Imran M., and Almusharraf N. (2024b) Google Gemini as a next generation AI educational tool: A review of emerging educational technology. *Smart Learning Environments*, 11(22). <https://doi.org/10.1186/s40561-024-00310-z> (in Eng.)
- Koubaa A., Boulila W., Ghouti L., Alzahem A., and Latif S. (2023) Exploring ChatGPT capabilities and limitations: A survey. *IEEE Access*, 11. — P. 118698–118721. <https://doi.org/10.1109/ACCESS.2023.3326474> (in Eng.)

Lee G.-G., Latif E., Shi L., and Zhai X. (2023) *Gemini Pro defeated by GPT-4V: Evidence from education*. arXiv. <https://doi.org/10.48550/arXiv.2401.08660> (in Eng.)

Lee G.-G., Shi L., Latif E., Gao Y., Bewersdorf A., Nyaaba M., Guo S., Wu Z., Liu Z., Wang H., Mai G., Liu T., and Zhai X. (2023) *Multimodality of AI for education: Towards Artificial General Intelligence*. arXiv. <https://doi.org/10.48550/arXiv.2312.06037> (in Eng.)

Perera P., and Lankathilaka M. (2023) Preparing to revolutionize education with the multi-model GenAI tool Google Gemini? A journey towards effective policy making. *Journal of Advances in Education and Philosophy*, 7(8). — P. 246–253. <https://doi.org/10.36348/jaep.2023.v07i08.001> (in Eng.)

Jangassiyev R., Umarova Zh., Ussenova A., Makhanova Z., Zhumatayev N., Amirov M., and Koishibekova G. Comparative analysis of cross-platform development methodologies: a comprehensive study. // *TELKOMNIKA Telecommunication Computing Electronics and Control*, 2025, 23(1). — P. 108–118. doi: <https://doi.org/10.12928/TELKOMNIKA.v23i1.26331> (in Eng.)

Kotmungkun S., Chompurach W., and Thaksanan P. (2024) OpenAI ChatGPT vs Google Gemini: A study of AI chatbots' writing quality evaluation and plagiarism checking. *English Language Teaching Educational Journal*, 7(2). — P. 90–108. <https://doi.org/10.12928/eltej.v7i2.11572> (in Eng.)

M Arli Rusandi, Ahman, Ipah Saripah, Deasy Yunika Khairun, Mutmainnah, No worries with ChatGPT: building bridges between artificial intelligence and education with critical thinking soft skills, *Journal of Public Health*, Volume 45, Issue 3, September 2023, Pages e602–e603, <https://doi.org/10.1093/pubmed/fdad049> (in Eng.)

Blanco J.Z., and Lucrédio D.A holistic approach for cross-platform software development. *Journal of Systems and Software*, 2021, 179, 110985 6. doi: <https://doi.org/10.1016/j.jss.2021.110985> (in Eng.)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

**www.nauka-nanrk.kz
<http://physics-mathematics.kz/index.php/en/archive>
ISSN2518-1726 (Online),
ISSN 1991-346X (Print)**

Managing Editor: *A.Shormakova*
Editors: *D.S. Alenov, T. Apendiev*
Computer layout: *G.D. Zhadyranova*

Signed for print: June 15, 2026
Format: 70×90 1/16. 26.5 printed sheets. Order No. 2.